



Зүтхэнхтэйгээ!

80



# Құрметті Серік Мәуленұлы!

Солтүстік Қазақстан облысының ІД басшылығы, жеке құрамы және жеке өз атымнан Сізді және профессорлық-оқытушы құрамы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің **80 жылдығын** мерекелеу күнінде жүрекжарды құттықтауымызды қабыл алыңыздар.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасындағы көне оқу орындарының бірі және Солтүстік Қазақстанда білім, ғылым мен мәдениеттің ошағы болып табылады.

Біздің университет шынында да Солтүстік Қазақстан облысының жоғары кәсіби мамандарының шеберханасы, бүгінгі таңда түлектері тек қана Қазақстанда ғана емес, әлемнің түпкір-түпкірінде еңбек етуде.

Университеттің профессорлық-оқытушы құрамы заман талабына сай, әр түрлі қызмет саласына қажетті жоғары сыныпты мамандарды дайындайды, еліміздің гүлденуі мен дамуына үлесін қосатын кәсіби және адамгершілік әлеуеті жоғары лайықты мамандарды тәрбиелейсіздер.

Құқық қорғау органдарының қатарында да М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің түлектері қызмет атқарып жүргендерін айта кеткен жөн, олар өздерінің қызметтерінде жоғары білікті мамандар.

Аға буын ұлағатты ұстаздар қауымына, университет ардагерлеріне елімізде қазақстандық білімнің қалыптасуы мен дамуына қосқан баға жетпес еңбектері үшін алғыс білдіремін.

Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ профессорлық-оқытушы құрамына, қызметкерлеріне, магистранттар мен студенттерге шын жүректен бақыт пен сәттілік, жаңа белестер мен шығармашылық және ғылыми жетістіктер, Қазақстан Республикасының гүлдену жолындағы білім беру ісінде табыстар тілеймін!

Құрметпен,

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ішкі істер департаментінің бастығы  
полиция генерал-майоры

Б. Біләлов